**2005 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы (Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі)**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 22 желтоқсандағы N 1354 Қаулысы

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджет кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналардың: 126, 127, 128, 129, 130, 131, 132, 133, 134, 135 136, 137, 138, 139, 140, 141, 142, 143, 144, 145, 146, 147, 148, 149-қосымшаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 2005 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламаларының паспорттары бекітілсін.

2. Осы қаулы 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 22 желтоқсандағы N 1354 қаулысына 126-қосымша

*Ескерту. 126-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.05.25. N 509 қаулысымен.*

213 - Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған "Еңбек, жұмыспен қамту, халықты әлеуметтік қорғау және көші-қон саласындағы уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ету" деген 001 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 1119010 мың теңге (бір миллиард бір жүз он тоғыз миллион он мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджеттік кодексі ; "Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі Заңы ; Қазақстан Республикасының "Электрондық төлқұжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" 2003 жылғы 7 қаңтардағы Заңы ; Қазақстан Республикасының "

Ақпараттандыру туралы" 2003 жылғы 8 мамырдағы Заңы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік аппараттың жұмысын жақсарту, төрешілдікке қарсы күрес және құжат айналымын қысқарту жөніндегі шаралар туралы" 2000 жылғы 31 шілдедегі N 427 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы органдарының мемлекеттік бюджет және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің сметасы (бюджеті) есебінен ұсталатын қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесі туралы" 2004 жылғы 17 қаңтардағы N 1284 Жарлығы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" 2004 жылғы 29 қыркүйектегі N 1449 Жарлығы ; "Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің аумақтық органдарын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 28 желтоқсандағы N 1920 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің кейбір мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 29 қазандағы N 1132 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің орталық аппараты мен оның аумақтық органдарына жүктелген функциялардың тиімді орындалуына қол жеткізу үшін олардың қызметін қамтамасыз ету. Ең төмен күнкөріс деңгейін ең төменгі мемлекеттік стандарттар жүйесінің базалық индикаторы ретінде анықтау әдістемесін, аурудың әр түрлі нозологиялық нысандары кезінде медициналық-әлеуметтік сараптама және мүгедектерді оңалту бойынша әдістемелік негіздер әзірлеу. "Еңбек туралы" және " Еңбекті қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңдарының орындалуын бақылауды жүзеге асыру мақсатында мемлекеттік еңбек инспекторларын бақылау-өлшеу құралдарымен, белгілейтін жабдықпен қамтамасыз ету. Халықтың көші-қоны саласындағы тұжырымдамалар мен бағдарламалардың орындалуын қамтамасыз ету, бекітілген иммиграция квотасы шегінде оралмандарды қабылдау мен оларды орналастыруды ұйымдастыру. Лауазымдық міндеттерін тиімді орындау және кәсіптік шеберлігін жетілдіру үшін, қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес кәсіптік қызмет саласындағы білім бағдарламалары бойынша теориялық және практикалық білімді, машықтар мен дағдыларды жаңарту.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Қазақстан Республикасы еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің орталық аппараты мен аумақтық бөлімшелерін ұстау. Ең төмен күнкөріс деңгейін ең төмен мемлекеттік стандарттар жүйесінің базалық индикаторы ретінде анықтау әдістемесін әзірлеу жөніндегі консультациялық қызметтерді алу, олардың өзара байланысы және құрылымдық элементтерінің өзара бағыныстылығы. Аурудың әртүрлі нысандары кезінде мүгедектерді медициналық-әлеуметтік сараптау және оңалту мәселелері бойынша

әдістемелік негіздер әзірлеу жөнінде консультациялық қызметтер алу. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігін және Көші-қон жөніндегі комитетін қазіргі есептеу техникасымен техникалық жарақтандыру. Ұйымдарды "Еңбек туралы" және "Еңбекті қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңдарының сақталуын бақылауды жүзеге асыру мақсатында зиянды өндірістік факторларды анықтау жөнінде өлшеулер жүргізу үшін бақылау-өлшеу құралдары мен белгілейтін жабдықты сатып алу және өндірістегі жазатайым оқиғаларды зерттеп тексеру. Медициналық-әлеуметтік сараптаманы сапалы жүргізу үшін медициналық жабдықтар мен құрал-саймандарды сатып алу. Мемлекеттік қызметшілердің кәсіби біліктілігін арттыру. Ақпараттық жүйелерді сүйемелдеу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N п/п | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Кіші бағдарламалардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 001 | | Еңбек, жұмыспен қамту, халықты әлеуметтік қорғау және көші-қон саласындағы уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ету | | | |
| 2 | | 001 | Орталық органның аппараты | Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің орталық аппаратын 173 бірлік көлемінде бекітілген штаттық кесте лимиті | Жыл бойы | Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі |

шегінде ұстау. Қызметтік көлікті бекітілген тиістілік нормативіне сәйкес 7 бірлік көлемінде ұстау және жалдау. Техникалық қызметтермен 9 көшірме, 5 факс аппараттарын қамтамасыз ету.

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 3 | 002 | Аумақтық органдардың аппараттары | Министрліктің аумақтық органдарын 1398 бірлік көлемінде бекітілген штаттық кесте лимиті шегінде ұстау. Бекітілген тиістілік нормативіне сәйкес 32 бірлік қызметтік және 90 мамандырылған көлікті ұстау және жалдау. 37 көшірме аппараттарын техникалық қызмет көрсетумен қамтамасыз ету. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі |
| 4 | 007 | Мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру | Біліктілікті арттырудың бекітілген жоспарына сәйкес мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру, соның ішінде мемлекеттік тілді оқыту жөніндегі қызметтерді сатып алу. Біліктілікті арттыру курстарынан өтетін мемлекеттік қызметшілердің орташа | Жыл бойы | Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | жылдық саны - 394 адам. | | |
| 5 | 009 | Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру | Министрліктің орталық аппараты үшін: 1) 20 бірлік кондиционер; қағаз жою құралы - 1 бірлік. министрліктің аумақтық органдары үшін: 1) ұйымдық техника (10 бірлік көшірме аппараты, 10 бірлік факс); 2) мемлекеттік еңбек инспекторлары үшін бақылау-өлшеу аспаптарын, белгілейтін құрал-жабдық (16 дана шу мен тербеліс өлшегіші, 16 дана энергия ағыны тығыздығын өлшегіш, 16 дана электрмагнитті өріс шиелінісін өлшегіш, 16 дана спекторадиометр, 16 дана газ талдағыш, 16 дана бейнекамера, 16 дана фотоаппарат); 3) медициналық-әлеуметтік сараптама бөлімдері үшін бірлігінің бағасы кемінде 40 еселенген АЕК (айлық есептік көрсеткіш) тұратын медициналық құрал-жабдықпен аспаптар сатып алу. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 6 | 017 | Ақпараттық жүйелердің жұмыс істеуін қамтамасыз ету және мемлекеттік органдарды ақпараттық-техникалық қамтамасыз ету | Техникалық қызмет көрсетумен компьютерлер мен принтерлерді қамтамасыз ету. Шығыс материалдарын, қосалқы бөлшектер мен 9 дана компьютер және 4 дана принтер есептеу техникасын сатып алу. Көші-қон жөніндегі комитеттің Интернет желісіне қосылу мүмкіндігі қызметі; "Есеп" "Шығыстар сметасының бухгалтерлік есебі", "Жалақыны есепке алу" жергілікті міндеттерін жүргізу. 36 лицензия Business Optimal Windows WS Касперский антивирусы; 1 лицензия Microsoft Office SB Ed 2003 Win 32. Russian. OEM лицензиялық бағдарламалық қамтамасыз етуді сатып алу. | Жыл ішінде | Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне жүктелген функциялардың сапалы және уақытылы орындалуы.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің

2004 жылғы 22 желтоқсандағы
N 1354 қаулысына
127-қосымша

*Ескерту. 127-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.05.25. N* 509 *, 2005.11.24. N* 1160 *қаулыларымен.*

213 - Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған "Зейнетақы бағдарламасы" деген 002 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 209038486 мың теңге (екі жүз тоғыз миллиард отыз сегіз миллион төрт жүз сексен алты мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "Семей ядролық сынақ полигонында ядролық сынақтар салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 18 желтоқсандағы Заңының 13-бабы ; "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 20 маусымдағы Заңының 2-бабы ; Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 2 желтоқсандағы "2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Заңы ; Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2001 жылғы 26 наурызда N 1432 тіркелген Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты Әлеуметтік қорғау Министрінің 2001 жылғы 25 наурыздағы N 17-Ө бұйрығымен бекітілген, "Орталықтан төленетін зейнетақы төлемдерін, мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар мен мемлекеттік арнаулы жәрдемақыларды тағайындауды және төлеуді ұйымдастырудың тәртібі туралы нұсқаулық".

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: жасына байланысты әлеуметтік қамсыздандыру бөлігінде мемлекет кепілдік берген міндеттемелерді орындау, Семей ядролық сынақ полигонында ядролық сынақтар салдарынан зардап шеккен азаматтардың жекелеген санаттарын әлеуметтік қорғау.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес тағайындалған зейнетақы төлемдерін жыл сайынғы зейнетақы мөлшерін арттыруды ескере отырып уақытында төлеу, зейнеткерлікке 1998 жылдың 1 қаңтарына дейін шыққан азаматтардың зейнетақыларына үстемеақы төлеу жөніндегі өткен жылдардың міндеттемелерін орындау.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N п/п | Бағдар-лама коды | Кіші бағдарлама коды | Кіші бағдарламалардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 002 | | | Зейнетақы бағдарламасы | | |
| 2 | | 100 | Ортақ зейнетақыларды төлеу | Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешіміне сәйкес зейнетақы төлемдерін және базалық зейнетақы төлемін уақытында жүзеге асыруалушылардың болжамды орташа жылдық саны 1641463 адам болады. | Жыл ішінде. | Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Қазақстан |
| 3 | | 101 | Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтар салдарынан зардап шеккен азаматтардың зейнетақыларына үстемеақылар | Семей ядролық сынақ полигонында ядролық сынақтар салдарынан зардап шеккен азаматтардың, қайтыс болған азаматтардың мұрагерлеріне зейнетақыға үстемеақы төлеу. Алушылардың болжамды саны - 368 адам. | Жыл ішінде. | Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі. Қазақстан |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: зейнеткерлік жасына жеткен адамдарды ай сайынғы табыспен қамтамасыз ету, зейнетақыларына үстемеақы төлеу жөніндегі өткен жылдардың міндеттемелерін орындау.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 22 желтоқсандағы

N 1354 қаулысына
128-қосымша

*Ескерту. 128-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.11.24. N* 1160 *қаулысымен.*

213 - Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған "Мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар" деген 003 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 52025875 мың теңге (елу екі миллиард жиырма бес миллион сегіз жүз жетпіс бес мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 маусымдағы Заңының 2-бабы ; Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 2 желтоқсандағы "2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Заңы ; Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрінің 2001 жылғы 25 наурыздағы N 17-Ө бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2001 жылғы 26 наурызда N 1432 тіркелген "Орталықтан төленетін зейнетақы төлемдерін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар мен мемлекеттік арнаулы жәрдемақыларды тағайындауды және төлеуді ұйымдастырудың тәртібі туралы нұсқаулық".

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: жасына байланысты, мүгедектігі, асыраушысынан айырылуы бойынша әлеуметтік қамсыздандыру бөлігінде мемлекет кепілдік берген міндеттемелерді Заңда белгіленген мөлшерлерде қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды уақытында төлеу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N п/п | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Кіші бағдарламалардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 003 | Мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар | | | |
| 2 | 100 | Мүгедектігі бойынша | Мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды уақытында төлеу. Мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушылардың болжамды орташа жылдық саны 400548 адам. | Жыл ішінде. | Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі. |
| 3 | 101 | Асыраушысынан айрылуына байланысты | Асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушылардың болжамды орташа жылдық саны 244529 адам. | Жыл ішінде. | Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі. |
| 4 | 102 | Жасы бойынша | Жасына байланысты мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушылардың болжамды орташа жылдық саны 13 830 адам болады. | Жыл ішінде. | Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі. |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: мүгедектерді, асыраушысынан айрылған отбасыларды және қартаң жастағы азаматтарды ай сайынғы табыспен қамтамасыз ету. Мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушылардың болжамды орташа жылдық саны 658907 адам болады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2004 жылғы 22 желтоқсандағы
N 1354 қаулысына
129-қосымша

*Ескерту. 129-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.11.24. N* 1160 *қаулысымен.*

213 - Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған "Арнайы мемлекеттік жәрдемақылар" деген 004 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 24315980 мың теңге (жиырма төрт миллиард үш жүз он бес миллион тоғыз жүз сексен мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджеттік кодексінің 50-бабы , "Қазақстан Республикасындағы арнаулы мемлекеттік жәрдемақы туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 5 сәуірдегі Заңының 2-бабы ; Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 2 желтоқсандағы "2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Заңы ; "Арнаулы мемлекеттік жәрдемақыны тағайындаудың және төлеудің ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 31 қаңтардағы N 161 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: азаматтардың жекелеген санаттарын әлеуметтік қолдау.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: арнаулы мемлекеттік жәрдемақыларды уақытында төлеу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N п/п | Бағдар-лама коды | Кіші бағдар-лама коды | Кіші бағдарлама-лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындау-шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 004 | | Арнайы мемлекеттік жәрдемақылар | | |
| 2 | 100 | ҰОС мүгедектері | Арнаулы мемлекеттік жәрдемақыларды уақытында төлеу. ҰОС мүгедектерінің болжамды орташа жылдық саны 10570 адам болады. | Жыл ішінде. | Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі. |
| 3 | 101 | ҰОС қатысушылары | Арнаулы мемлекеттік жәрдемақыларды уақытында төлеу. ҰОС қатысушыларының болжамды орташа жылдық саны 22819 адам болады. | Жыл ішінде. | Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі. |
| 4 | 102 | ҰОС мүгедектеріне теңестірілген адамдар | Арнаулы мемлекеттік жәрдемақыларды уақытында төлеу. ҰОС мүгедектеріне теңестірілген адамдардың болжамды орташа жылдық саны 18512 адам болады. | Жыл ішінде. | Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі. |
| 5 | 103 | ҰОС қатысушыларына теңестірілген адамдар | Арнаулы мемлекеттік жәрдемақыларды уақытында төлеу. ҰОС қатысушыларына теңестірілген адамдардың болжамды орташа жылдық саны 28100 адам болады. | Жыл ішінде. | Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі. |
| 6 | 104 | ҰОС қаза болған жауынгерлердің жесірлері | Арнаулы мемлекеттік жәрдемақыларды уақытында төлеу. Қайтыс болған ҰОС мүгедек- | Жыл ішінде. | Қазақстан Республикасының Еңбек және |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | терінің әйелдерінің (күйеулері) болжамды орташа жылдық саны 3800 адам болады. | | халықты әлеуметтік қорғау министрлігі. |
| 7 | 105 | Қайтыс болған ҰОС мүгедектерінің әйелдері (күйеулері) | Арнаулы мемлекеттік жәрдемақыларды уақытында төлеу. Қайтыс болған ҰОС мүгедектерінің әйелдерінің (күйеулері) болжамды орташа жылдық саны 22288 адам болады. | Жыл ішінде. | Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі. |
| 8 | 106 | Совет Одағының батырлары, Социалистік Еңбек ерлері, Даңқ ордені үш дәрежесімен, үш дәрежелі Еңбек Даңқы ордендерінің иегерлері | Арнаулы мемлекеттік жәрдемақыларды уақытында төлеу. Совет Одағының Батырлары, Социалистік Еңбек Ерлері, Даңқ орденінің үш дәрежесінің, Еңбек даңқы орденінің үш дәрежесі иегерлерінің болжамды орташа жылдық саны 343 адам болады. | Жыл ішінде. | Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі. |
| 9 | 107 | ЧАЭС оқиғасында апат салдарын жою кезінде қаза болған (қайтыс болған, хабар ошарсыз кеткен), әскери қызметкерлерінің, ішкі істер органдары қызметкерлерінің және қаза | Арнаулы мемлекеттік жәрдемақыларды уақытында төлеу. Қаза тапқан (қайтыс болған, хабарсыз кеткен) әскери қызметшілердің, ішкі істер органдары қмзметкерлерінің және ЧАЭС апаттың салдарын жою кезінде қаза тапқан адамдардың отбасыларының болжамды орташа жылдық саны 17945 адам болады. | Жыл ішінде. | Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | болған адамдардың отбасылары | | |
| 10 | 108 | Ұлы отан соғысы жылдарындағы тыл еңбекшілері | Арнаулы мемлекеттік жәрдемақыларды уақытында төлеу. Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен марапатталған адамдар мен сондай-ақ 1941 жылғы 22 маусымнан 1945 жылғы 9 мамырды қоса алғанда кемінде 6 ай жұмыс істеген (қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен марапатталмаған адамдардың болжамды орташа жылдық саны 118149 адам болады. | Жыл ішінде. | Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі. |
| 11 | 109 | Көшіру күні құрсақта болған балаларды қоса алғанда Қазақстан Республикасына шеттету | Арнаулы мемлекеттік жәрдемақыларды уақытында төлеу. Қоныс аудару күнінде құрсақта болған балаларын қоса, оқшаулау және көшіру аймағынан Қазақстан Республи- | Жыл ішінде. | Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | және қоныс аудару аймағынан көшірілген ЧАЭС | касына қоныстанған ЧАЭС апаттың салдарын жоюға қатысушылардың болжамды орташа жылдық саны 940 адам болады. | | |
| 12 | 110 | I және II топтағы мүгедектер | Арнаулы мемлекеттік жәрдемақыларды уақытында төлеу. I және II топ мүгедектердің, соның ішінде 16 жастан 18 жасқа дейінгі мүгедек балалардың, болжамды орташа жылдық саны 283879 адам болады. | Жыл ішінде. | Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі. |
| 13 | 111 | III топтағы мүгедектер | Арнаулы мемлекеттік жәрдемақыларды уақытында төлеу. III топ мүгедектерінің, соның ішінде 16 жастан 18 жасқа дейінгі мүгедек балалардың, болжамды орташа жылдық саны 136872 адам болады. | Жыл ішінде. | Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі. |
| 14 | 112 | 16 жасқа дейінгі мүгедек балалар | Арнаулы мемлекеттік жәрдемақыларды уақытында төлеу. 16 жасқа дейінгі мүгедек-балалардың болжамды орташа жылдық саны 44071 адам болады. | Жыл ішінде. | Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі. |
| 15 | 113 | "Алтын алқа", "Күміс алқа" белгілерімен марапатталған немесе бұрын "Батыр-ана" | Арнаулы мемлекеттік жәрдемақыларды уақытында төлеу. "Алтын алқа", "Күміс алқа" белгілерімен марапатталған немесе | Жыл ішінде. | Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | атағын алған және "Ана даңқы" орденімен марапатталған көп балалы аналар | бұрын "Батыр ана" атағын алған және "Ана Даңқы" орденімен марапатталған көп балалы аналардың болжамды орташа жылдық саны 119193 адам болады. | | қорғау министрлігі. |
| 16 | 114 | Төрт немесе одан да көп бірге тұратын кәмелетке толмаған балалары бар көп балалы отбасылар | Арнаулы мемлекеттік жәрдемақыларды уақытында төлеу. Кәмелетке толмаған, бірге тұратын төрт немесе одан да көп балалары бар көп балалы отбасылардың болжамды орташа жылдық саны 181872 адам болады. | Жыл ішінде. | Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі. |
| 17 | 115 | Мүгедектігі бар немесе зейнеткер болып табылатын жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандары | Арнаулы мемлекеттік жәрдемақыларды уақытында төлеу. Мүгедектігі бар немесе зейнеткер болып табылатын саяси қуғын-сүргін құрбандарының болжамды орташа жылдық саны 58858 адам болады. | Жыл ішінде. | Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі. |
| 18 | 116 | Қазақстан Республикасы алдында ерекше еңбек сіңіргені үшін зейнетақы тағайындалған тұлғалар | Арнаулы мемлекеттік жәрдемақыларды уақытында төлеу. Қазақстан Республикасы алдында сіңірген ерекше еңбегі үшін зейнетақы тағайындалған адамдардың болжамды орташа жылдық саны 2824 | Жыл ішінде. | Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі. |

адам болады.

---

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: азаматтардың жекелеген санаттарын ай сайынғы қосымша табыспен қамтамасыз ету. Арнаулы мемлекеттік жәрдемақы алушылардың болжамды орташа жылдық саны 1071035 адам болады.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2004 жылғы 22 желтоқсандағы
N 1354 қаулысына
130-қосымша

*Ескерту. 130-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.11.24. N* 1160 *қаулысымен.*

213 - Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған "Жерлеуге берілетін жәрдемақы" деген 005 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 1629334 мың теңге (бір миллиард алты жүз жиырма тоғыз миллион үш жүз отыз төрт мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "Мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 маусымдағы Заңының 6-бабы ; "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 20 маусымдағы Заңының 8-бабы ; "Жер асты және ашық кен жұмыстарында, еңбек жағдайлары ерекше зиянды және ерекше ауыр жұмыстарда істеген адамдарға мемлекеттік арнаулы жәрдемақы туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 13 шілдедегі Заңының 7-бабы ; Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 2 желтоқсандағы "2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Заңы ; Қазақстан Республикасы Президентінің "Ұлы Отан соғысының қатысушыларына, мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" 1995 жылғы 28 сәуірдегі Заң күші бар Жарлығының 11-бабы ; Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрінің 2001 жылғы 25 наурыздағы N 17-б бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 26 наурызда N 1432 тіркелген "Орталықтан төленетін зейнетақы төлемдерін, мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар мен мемлекеттік арнаулы жәрдемақыларды

тағайындауды және төлеуді ұйымдастырудың тәртібі туралы нұсқаулық".

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: қосымша әлеуметтік көмек.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: зейнеткерлерді, Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектерін, мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушыларды, жер асты және ашық кен жұмыстарында, еңбек жағдайлары ерекше зиянды және ерекше ауыр жұмыстарда істеген мемлекеттік арнаулы жәрдемақы алушыларды жерлеуге арналған жәрдемақыларды уақытылы төлеу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N п/п | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Кіші бағдарламалардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 005 | | Жерлеуге берілетін жәрдемақы | | | |
| 2 | | 100 | Зейнеткерлерді, ҰОС қатысушылары мен мүгедектерін жерлеуге берілетін жәрдемақы | Зейнеткерлерді, Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектерін жерлеуге арналған әлеуметтік жәрдемақыларды уақытылы төлеу. | Жыл ішінде. | Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі. |
| 3 | | 101 | Жер астындағы және ашық тау-кен жұмыстарында ерекше зиянды және ерекше ауыр еңбек жағдайларындағы жұмыс- | Мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушыларды, жер асты және ашық кен жұмыстарында, еңбек жағдайлары ерекше зиянды және ерекше ауыр жұмыстарда істеген мемлекеттік | Жыл ішінде. | Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі. |

| | | |
|---|---|---|
| | тарда жұмыс істеген, мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар және мемле-кеттік арнайы жәрдемақылар алушыларды жерлеуге берілетін жәрдемақы | арнаулы жәрдемақы алушыларды жерлеуге арналған әлеуметтік жәрдемақыларды уақытылы төлеу. |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: қайтыс болуына байланысты зейнеткерлерді, Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектерін, мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы, жер асты және ашық кен жұмыстарында, еңбек жағдайлары ерекше зиянды және ерекше ауыр жұмыстарда істеген, мемлекеттік арнаулы жәрдемақы алушы адамдарды әлеуметтік қолдау. Жерлеуге жәрдемақы алушылардың болжамды орташа жылдық саны 101161 адам болады.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2004 жылғы 22 желтоқсандағы
N 1354 қаулысына
131-қосымша

213 - Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған "Жер астындағы және ашық тау-кен жұмыстарында, еңбектің ерекше зиянды және ерекше ауыр жағдайында жұмыс істеген адамдарға мемлекеттік арнайы жәрдемақылар" деген 006 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 1669150 мың теңге (бір миллиард алты жүз алпыс тоғыз миллион бір жүз елу мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: Қазақстан Республикасының "Жерасты, ашық кен жұмыстарында жұмыс жағдайлары ерекше зиянды және ерекше ауыр жұмыстарда істеген адамдарға берілетін мемлекеттік арнаулы жәрдемақылар туралы" 1999 жылғы 13 шілдедегі Заңының 2-бабы ; Қазақстан

Республикасының 2004 жылғы 2 желтоқсандағы "2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Заңы ; Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2001 жылғы 26 наурызда N 1432 тіркелген Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің "Орталықтан төленетін зейнетақы төлемдерін, мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар мен мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды тағайындауды және төлеуді ұйымдастырудың тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту туралы" 2001 жылғы 25 наурыздағы N 17-ө бұйрығы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: жерасты, ашық кен жұмыстарында, жұмыс жағдайлары ерекше зиянды және ерекше ауыр жұмыстарда істеген адамдарға мемлекеттік арнаулы жәрдемақылар төлеу жөніндегі мемлекет кепілдік ететін міндеттемелерді, Заңдарда белгіленген мөлшерде қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: жерасты, ашық кен жұмыстарында, жұмыс жағдайлары ерекше зиянды және ерекше ауыр жұмыстарда істеген стажы бар және жәрдемақы алу құқығын алған адамдарға жәрдемақыны уақытында төлеу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N п/п | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Кіші бағдарламалардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 006 | | Жер астындағы және ашық тау-кен жұмыстарында еңбектің ерекше зиянды және ерекше ауыр жағдайында жұмыс істеген адамдарға мемлекеттік арнайы | Жерасты, ашық кен жұмыстарында, еңбек жағдайлары ерекше зиянды және ерекше ауыр жұмыстарда істеген стажы бар адамдарға жәрдемақыны уақытында төлеу. Жәрдемақы алушылардың болжамды орташа жылдық саны 17906 адамды құрайды. | Жыл бойы. | Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі.

жәрдемақылар

---

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: жерасты, ашық кен жұмыстарында, еңбек жағдайлары ерекше зиянды және ерекше ауыр жұмыстарда істеген стажы бар адамдарға жәрдемақының уақытында төленуін қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2004 жылғы 22 желтоқсандағы
N 1354 қаулысына
132-қосымша

*Ескерту. 132-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.05.25. N* 509 *қаулысымен.*

213 - Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған "Бала тууға байланысты біржолғы мемлекеттік жәрдемақылар" деген 007 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 3622775 мың теңге (үш миллиард алты жүз жиырма екі миллион жеті жүз жетпіс бес мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 2 желтоқсандағы "2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Заңы ; Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Бала тууына байланысты берілетін біржолғы мемлекеттік жәрдемақы төлеудің ережесін бекіту туралы" 2003 жылғы 25 ақпандағы N 200 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: бала тууына байланысты отбасыларға әлеуметтік қолдау жасау.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: бала тууына байланысты он бес еселенген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде біржолғы мемлекеттік жәрдемақы төлеу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N п/п | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Кіші бағдарламалардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 007 | | Бала тууға байланысты біржолғы мемлекеттік жәрдемақылар | Бала тууына байланысты берілетін біржолғы мемлекеттік жәрдемақы төлемін уақытында қамтамасыз ету. Бала тууына байланысты біржолғы мемлекеттік жәрдемақы алушылардың болжамды орташа жылдық саны 248 731 адамды құрайды. | Жыл бойы. | Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі. |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: елдегі демографиялық жағдайдың жақсаруы.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 22 желтоқсандағы N 1354 қаулысына 133-қосымша

213 - Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған "Семей ядролық полигонындағы ядролық сынақтар салдарынан зардап шеккен зейнеткерлерге, мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушыларға біржолғы мемлекеттік ақшалай өтемақылар" деген 008 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 194475 мың теңге (бір жүз тоқсан төрт миллион төрт жүз жетпіс бес мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтар салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 18 желтоқсандағы Заңының 12-бабы ; Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 2 желтоқсандағы "2005 жылға

арналған республикалық бюджет туралы" Заңы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: зейнеткерлерге, мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушыларға, Семей ядролық полигонындағы ядролық сынақтар салдарынан зардап шеккендерге қосымша әлеуметтік көмек.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Семей ядролық сынақ полигонында ядролық сынақтар салдарынан зардап шеккендерге, зейнеткерлерге, мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар алушыларға ақшалай өтемақы төлеу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N п/п | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Кіші бағдарламалардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 008 | | Семей ядролық полигонындағы ядролық сынақтар салдарынан зардап шеккен зейнеткерлерге, мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушыларға біржолғы мемлекеттік ақшалай өтемақылар | Біржолғы ақшалай өтемақы төлемдері бойынша өткен жылдардың берешегін өтеу. Зейнеткерлерге, мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар алушыларға біржолғы мемлекеттік ақшалай өтем ақылар төлеу. Біржолғы мемлекеттік ақшалай өтемақы алушылардың болжамды орташа жылдық саны 14446 адам болады. | Жыл ішінде. | Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі. |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: зейнеткерлерді,

мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушыларды, Семей ядролық полигонындағы ядролық сынақтар салдарынан зардап шеккендерді әлеуметтік қолдау.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2004 жылғы 22 желтоқсандағы
N 1354 қаулысына
134-қосымша

213 - Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған "Ақталған азаматтарға-жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарына біржолғы ақшалай өтемақы" деген 010 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 807209 мың теңге (сегіз жүз жеті миллион екі жүз тоғыз мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі Заңының 22-бабы ; Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 2 желтоқсандағы "2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Заңы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты .

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: жаппай саяси қуғын-сүргінге ұшыраған азаматтарды әлеуметтік қолдау.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: ақталған азаматтар-жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарына берілетін біржолғы ақшалай өтемақы төлемдерін қамтамасыз ету.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N п/п | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Кіші бағдарламалардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 010 | | Ақталған азаматтарға-жаппай саяси | Ақталған азаматтар - жаппай саяси қуғын-сүргін құр- | Жыл ішінде. | Қазақстан Республикасының |

| | | |
|---|---|---|
| қуғын-сүргін құрбандарына біржолғы ақшалай өтемақы | бандарына берілетін біржолғы ақшалай өтемақы төлемдерін қамтамасыз ету. Біржолғы ақшалай өтемақы алушылардың болжамды орташа жылдық саны 35832 адам болады. | Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі. |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: ақталған азаматтар - жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарына берілетін біржолғы ақшалай өтемақы төлемдері жөніндегі мемлекеттің міндеттемелерін орындау.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 22 желтоқсандағы N 1354 қаулысына 135-қосымша

213 - Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған "Қаза болған, қайтыс болған әскери қызметшілердің ата-аналарына, асырап алушыларына, қамқоршыларына біржолғы төлемдер" деген 011 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 1854 мың теңге (бір миллион сегіз жүз елу төрт мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 2 желтоқсандағы "2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Заңы ; "Қаза тапқан, қайтыс болған әскери қызметшілердің ата-аналарына, асырап алушыларына, қамқоршыларына берілетін біржолғы төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 13 желтоқсандағы N 284 Жарлығы ; "Қаза тапқан, қайтыс болған әскери қызметшілердің ата-аналарына, асырап алушыларына, қамқоршыларына берілетін біржолғы төлемдерді жүзеге асыру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 15 қаңтардағы N 80 қаулысы.

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: қаза тапқан, қайтыс болған әскери қызметшілердің ата-аналарын, асырап алушыларын, қамқоршыларын әлеуметтік қолдау.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: қаза тапқан, қайтыс болған әскери қызметшілердің ата-аналарына, асырап алушыларына, қамқоршыларына берілетін біржолғы ақшалай төлемдерді уақытында жүзеге асыру.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N п/п | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Кіші бағдарламалардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 011 | | Қаза болған, қайтыс болған әскери қызметшілердің ата-аналарына, асырап алушыларына, қамқоршыларына біржолғы төлемдер | Қаза тапқан, қайтыс болған әскери қызметшілердің ата-аналарына, асырап алушыларына, қамқоршыларына төлемді ұйымдастыру шығыстарын ескере отырып, ақшалай қаражатты олардың жеке шоттарына аудару жолымен төлеу. Алушылардың болжамды саны 21 адам. | Жыл ішінде. | Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі. |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: қаза тапқан, қайтыс болған әскери қызметшілердің ата-аналарына, асырап алушыларына, қамқоршыларына әлеуметтік қолдау мақсатында біржолғы төлемдерді уақытылы жүзеге асыру.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2004 жылғы 22 желтоқсандағы
N 1354 қаулысына
136-қосымша

*Ескерту. 136-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.05.25. N* 509 *қаулысымен.*

213 - Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған "Еңбекті қорғау саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер" деген 012 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 44638 мың теңге (қырық төрт миллион алты жүз отыз сегіз мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджеттік кодексі ; "Ғылым туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 9 шілдедегі Заңының 6-бабы ; "Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 27 ақпандағы Заңының 5-бабы ; Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 2 желтоқсандағы "2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Заңы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жүйесін жетілдіру үшін нормативтік-құқықтық базамен қамтамасыз ету, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі салааралық актілерді әзірлеу, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау проблемалары бойынша қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу. Компьютерлермен және ұйымдастыру техникасымен, физикалық факторларды өлшеу жөніндегі жабдықтармен (аспаптармен) қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау проблемалары бойынша қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жүйесін жетілдіру үшін нормативтік құқықтық базаны қамтамасыз ету. Компьютерлермен және ұйымдастыру техникасымен, физикалық факторларын өлшеу жөніндегі жабдықтармен (аспаптармен) қамтамасыз ету, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі салааралық актілерді әзірлеу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N п/п | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Кіші бағдарламалардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 012 | | Еңбекті қорғау саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер | Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жүйесін жетілдіру үшін нормативтік құқықтық базаны қамтамасыз ету, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі салааралық актілерді әзірлеу, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау проблемалары жөніндегі 4 тақырып бойынша қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу. Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптау өткізу жөнінде көрсетілген қызметтерге ақы төлеу. Қазақстан Республикасы Еңбек және және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің бұйрығымен бекітілген сатып алынатын жабдықтардың тізбесіне сәйкес Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Еңбекті қорғау жөніндегі республикалық ғылыми-зерттеу институтын субсидиялау. | Жыл ішінде. | Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі.

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жүйесін жетілдіру үшін нормативтік-құқықтық базамен қамтамасыз ету, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі салааралық актілерді әзірлеу, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау проблемалары бойынша қолданбалы ғылыми зерттеулерді жүргізу, (ЕҚРҒЗИ) зертханалық корпусының жобалау-іздестіру жұмыстарын жүргізу.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2004 жылғы 22 желтоқсандағы
N 1354 қаулысына
137-қосымша

*Ескерту. 137-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.05.25. N* 509 *қаулысымен.*

213 - Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған "Зейнетақылар мен жәрдемақыларды төлеуді қамтамасыз ету" деген 013 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 6163020 мың теңге (алты миллиард бір жүз алпыс үш миллион жиырма мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 20 маусымдағы Заңының 1-бабы ; Қазақстан Республикасының "Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы" 2003 жылғы 25 сәуірдегі Заңы ; Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 2 желтоқсандағы "2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Заңы ; Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталық" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын құру туралы" 1997 жылғы 4 маусымдағы N 926 қаулысы ; Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Міндетті зейнетақы жарналарын есептеудің, ұстап қалудың және жинақтаушы зейнетақы қорларына аударудың ережесін бекіту туралы" 1999 жылғы 15 наурыздағы N 245 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы азаматтарына Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықта әлеуметтік жеке код берудің тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 16 қыркүйектегі N 1342 қаулысы ; Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2001 жылғы 26 наурызда N 1432 тіркелген " Орталықтан төленетін зейнетақы төлемдерін, мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар

мен мемлекеттік арнаулы жәрдемақыларды тағайындауды және төлеуді ұйымдастырудың тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту туралы" 2001 жылғы 25 наурыздағы N 17-ө бұйрығы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: зейнетақылар мен жәрдемақылар, сондай-ақ басқа да әлеуметтік төлемдерді төлеу жөніндегі мемлекеттік міндеттемелерді орындаумен байланысты қызметтер ұсыну.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: зейнетақылар мен жәрдемақылар, сондай-ақ басқа да әлеуметтік төлемдерді төлеуді қамтамасыз ету; Қазақстан Республикасының барлық азаматтарына әлеуметтік жеке кодтар беру; міндетті зейнетақы жарналарының есебін жүргізу және оларды жинақтаушы зейнетақы қорларына аудару; зейнетақылар және жәрдемақылар алушылардың бірыңғай орталықтандырылған базасын жүргізу, әлеуметтік сақтандыру бойынша аударымдар мен төлемдерді транзиттеу және есебін жүргізу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N п/п | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Кіші бағдарламалардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 013 | | Зейнетақылар мен жәрдемақыларды төлеуді қамтамасыз ету | Зейнетақыларды; мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды; арнаулы мемлекеттік жәрдемақыларды; жерлеуге арналған жәрдемақыларды; жерасты, ашық кен жұмыстарында, еңбек жағдайлары ерекше ауыр жұмыстарда істеген адамдарға берілетін арнаулы мемлекеттік | Жыл бойы. | Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, "Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік |

| | |
|---|---|
| жәрдемақыларды; зейнеткерлерге, мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушыларға, Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардан зардап шеккен азаматтарға берілетін біржолғы | қорғау министрлігінің Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталығы" РМҚК. |

мемлекеттік ақшалай өтемақылар; бала туына байланысты берілетін біржолғы мемлекеттік жәрдемақыларды төлеу; ақталған азаматтар - саяси қуғын сүргін құрбандарына берілетін ақшалай өтемақы төлемдерін қамтамасыз ету; өткен жылдардың міндеттемелерін орындау; Зейнетақы және жәрдемақы тағайындау үшін алушылардың іс-қағаздар макетін қалыптастыру. Қазақстан Республикасының барша азаматтарына әлеуметтік жеке код беру. Міндетті зейнетақы жарналарының есебін жүргізу және транзиттеу. Әлеуметтік сақтандыру бойынша аударымдар мен төлемдердің

дербестендірілген есебін жүргізу және транзиттеу. Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындау үшін зейнетақы және жәр- демақы мөлшерлері туралы ақпарат беру. Жинақтаушы зейнетақы қорларына қате ауда- рылған төлемдер мен міндетті зейнетақы жарналары туралы ақпаратпен қамтама- сыз ету. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеу- меттік қорғау мини- стрінің бұйрығымен бекітілген тізбеге сәйкес көрсетілетін қызметтер шеңберінде тұрмыстық және кеңсе техникасын, жиһаз, бағдарламалық қамта- масыз ету "Базалық зейнетақы төлемі" - 1 жиынтық, сатып алу.

---

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: зейнетақылар мен жәрдемақылардың толық және уақытылы төленуін қамтамасыз ету. Міндетті зейнетақы жарналарының есебін жүргізу және оларды уақытылы аудару. Әлеуметтік сақтандыру жөніндегі аударымдар мен төлемдердің есебін жүргізу және транзиттеу.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2004 жылғы 22 желтоқсандағы
N 1354 қаулысына
138-қосымша

*Ескерту. 138-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.05.25. N* 509 *қаулысымен.*

213 - Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

